

**D ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ**


# ҰМЫТЫЛҒАН ТАҒАМДАРДЫ ЖАНДАНДЫРУДА

Қазақтың ұлттық асханасында халықтың жаны, оның тарихы, салт-дәстүрлері айнадай көрініс тапқан. Жент – шай дастарқанына қойылатын ұлттық тағам. Қыста қатпайтын, жазда бұзылмайтын, әрқашан дәмі мен нәрін сақтайтын, соған орай көшпелі халықтың дастарқанынан үлкен орын алады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті «Тоқыма және тамақ инженериясы» жоғары мектебі «Тамақ инженериясы» кафедрасында 6В07250 – қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы білім бағдарламасы бойынша оқитын студенттер ұмытылған ұлттық тағамдарды жандандыруға тікелей атсалысуда.

Еңбек нарығы өзгеруде. Бүгін сұранысқа ие болу үшін сізге ертең қажет мамандық керек. Сұраныс бойынша бірінші орында – кондитерлер мен наубайханашылар. Қалада білікті мамандар қажет болатын көптеген кондитерлік өндірістер жұмыс істейді. Кондитер – қазіргі заманғы және сұранысқа ие мамандық. Өте танымал. Кондитерлік өнімдер үнемі дамып келеді. Жаңа техникалар, аспаптар пайда болды. Бірақ мамандықтың мәні өзгеріссіз қалды.

Халықты жұмыспен қамтамасыз ету мемлекеттің басты міндеттерінің бірі, сондай-ақ қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы білім бағдарламасы бойынша оқыған студенттер осы сала бойынша толық жұмыспен қамтамасыз етіледі. Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы білім беру бағдарламалары бойынша білім алған студенттер жұмыспен толық қамтыла алады. Кондитерлік кәсіпті үйрену өте қарапайым, сонымен қатар мамандықты өз бетіңізше игеруге болады.

**З. КӨБЖАСАРОВА,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ доценті,**  
 Т.ғ.к.,  
**А. РАХМАТУЛЛА,**  
**М.АБДУХАЛЫҚ,**  
**ЖТ-19-3К тобының студенттері**